

"Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі туралы" және "Республикалық ұлан туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 30 маусымдағы N 140-1 Заңы

Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар мына Жарлықтарына өзгерістер енгізілсін:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі туралы" 1995 жылғы 3 қазандағы N 2483 Заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 19, 118-құжат; N 23, 142-құжат):

5-баптың бірінші азатжолындағы "Республикалық ұланның күштері мен құралдарын қатыстырып" деген сөздер алып тасталсын.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің "Республикалық ұлан туралы" 1995 жылғы 5 желтоқсандағы N 2671 Заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 22, 139-құжат):

1 0 - б а п т а :

1) тармақшадағы "Күзет қызметінің басшылығымен" деген сөздер "Күзет қызметімен өзара іс-қимыл жасай отырып" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) тармақшадағы "Республика Президентінің Күзет қызметімен өзара іс-қимыл жасай отырып" деген сөздер алып тасталсын;

1 2 - б а п т а :

2-тармақтағы "2. Республикалық ұланның Қолбасшысы Республикалық ұланның әскери қызметшілері жөнінде жалпы әскери жарғыларда көзделген тәртіп жөніндегі билігін толық көлемінде пайдаланады" деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 3-тармақ енгізілсін:

"3. Республикалық ұланның Қолбасшысы Қазақстан Республикасының Республикалық ұлан туралы заңдарында және Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жалпы әскери жарғыларында көзделген құқықтарды пайдаланады."

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті